

«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
№3 әдістемелік кеңестің
ХАТТАМАСЫ

2024 ж. «13» мамыр

Қатысқандар: педагогтар

Тақырыбы: «Баланы мектепке дайындауда балабақшаның атқаратын рөлі»

Күн тәртібінде:

1. Мектепалды білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың қолданылуы.
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын тәрбиелеу мен дамытудағы ойын технологиясының маңызы.

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Салғиева М.Т.баяндама жасап, балабақша баланың мектепке даярлығын қалыптастыратын алғашқы білім беру сатысы екенін атап өтті. Баланың мектепке психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық және танымдық тұрғыдан дайын болуы оның болашақ оқу жетістігінің негізі болып табылатыны айтылды.

Баяндамада мектепке дейінгі ұйымның негізгі міндеттері ретінде:

- * баланың танымдық қызығушылығын дамыту;
- * байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;
- * қарапайым математикалық түсініктерді меңгерту;
- * зейін, есте сақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- * дербестік пен жауапкершілікке тәрбиелеу;
- * құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар мектепалды даярлық топтарында ойын технологияларын, дамытушы ойындарды және зерттеу әрекеттерін қолданудың маңыздылығы айтылды тәрбиеші Сарина М.К.


Талқылау барысында педагогтер балалардың мектепке бейімделуін жеңілдету мақсатында ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру және жеке кеңестер беру тәжірибелерімен бөлісті.

Қаулы етеді

1. Балалардың мектепке жан-жақты даярлығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.
2. Мектепалды даярлық топтарында танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған әдістерді кеңінен қолдану.
3. Балалардың оқу мотивациясын қалыптастыруға арналған дамытушы ортаны жетілдіру.
4. Ата-аналарға арналған кеңестер, семинарлар және ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізу арқылы ынтымақтастықты нығайту.
5. Балалардың мектепке дайындық деңгейін тұрақты бақылап, нәтижелерін талдау жұмыстарын жүргізу.

Әдіскер:

Хатшы:



М.К. Каргатаева

Г.Ж.Ермекбаева